

Банктік компьютер жүйелерінің бақылау чегінің нысанын және мазмұнын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 18 желтоқсандағы N 488 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 22 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 2134. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 117 Қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2008.12.31 N 117 Қаулысымен.

----- Бұйрықтан үзінді -----

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 649-бабына сәйкес, банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар қолданатын компьютер жүйелерінің бақылау чегінің нысанын және мазмұнын белгілеу мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы
Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1
.

4. Осы қаулы 2010 жылғы 13 тамыздан бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармақтың 3) тармақшасын қоспағанда ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

5. Осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Банктік компьютер жүйелерінің бақылау чегінің нысанын және мазмұнын белгілеу туралы" 2002 жылғы 18 желтоқсандағы N 488 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2134 тіркелген) күші жойылды деп танылсын;

2)

.....

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Ә. Сәйденов

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарын қолдану ережесін бекіту туралы" 2002 жылғы 18 сәуірдегі N 449 қаулысына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының банктік заңдарында

көзделген және қолма-қол ақша арқылы жүзеге асырылатын операцияларды жүргізу кезінде тұтынушылармен ақшалай есеп айырысуларды тіркеу үшін пайдаланылатын банктік компьютер жүйелерінің бақылау чегінің (бұдан әрі - БКЖ бақылау чегі) нысанын және мазмұнын белгілеу мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері (бұдан әрі - банк) үшін Қазақстан Республикасының банктік заңдарында көзделген және қолма-қол ақша арқылы жүзеге асырылатын операциялар (осы қаулының 4-тармағында көрсетілген операцияларды қоспағанда) бойынша банктік компьютер жүйесі беретін БКЖ бақылау чегінің мынадай міндетті деректемелері белгіленсін:

- 1) банктің (құрылымдық бөлімшенің) атауы;
- 2) салық төлеушінің (құрылымдық бөлімшенің) тіркеу нөмірі;
- 3) банктік компьютер жүйесінің салық органындағы тіркеу нөмірі;
- 4) банктің (құрылымдық бөлімшенің) орналасқан жері;
- 5) БКЖ бақылау чегінің банкте (құрылымдық бөлімшеде) берілген рет нөмірі;

6) операция жүргізілген күн және уақыт;

7) операцияның атауы;

8) жүргізілген әрбір операцияның сомасы;

9) жүргізілген операциялар бойынша жалпы қорытынды.

2. Қосылған құн салығы (бұдан әрі - ҚҚС) көрсетілетін БКЖ бақылау чегінде қосымша мынадай ақпарат болуы тиіс:

1) ҚҚС бойынша есепке алу туралы куәліктің сериясы мен нөмірі;

2) Қ Қ С с о м а с ы .

3. БКЖ бақылау чегінің осы қаулының 1 және 2-тармақтарында көзделген деректемелері міндетті түрде көрсетілген тік бұрышты нысаны болады.

4. Төлем карточкаларын пайдалану арқылы жүргізілетін операциялар бойынша БКЖ бақылау чегінің нысаны және мазмұны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

5. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап бір айлық мерзімде күшіне енгізіледі.

6. Бухгалтерлік есеп департаменті (Шалғымбаева Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап екі апталық мерзімде оны екінші деңгейдегі б а н к т е р г е ж і б е р с і н .

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Н.Қ.Абдулинаға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Келісілді:

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Қ а р ж ы м и н и с т р л і г і

Салық комитетінің төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК